

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

2. Ұйымның өз қызметін жүзеге асыру процесінде олардың сақталуын және пайдалану тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында ұйымның ағымдағы активтеріне нақты ұйымдастырылған тұрақты бақылау қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. <https://stud.kz/referat/show/37124>
2. «ҚазМұнайГаз» АҚ – ның ресми сайты: <https://www.kmg.kz/>
3. «ҚазМұнайГаз» АҚ – ның қаржылық есептілігі 2019 жыл: https://www.kmg.kz/uploads/reporting-and-financial-result/abc8121b26984afa/KMG%20ConsoFS_12m2019_KAZ.PDF
4. «ҚазМұнайГаз» АҚ – ның қаржылық есептілігі 2020 жыл: <https://ar2020.kmg.kz/pdf/ar/kz/financial-statements/notes.pdf>
5. «ҚазМұнайГаз» АҚ – ның қаржылық есептілігі 2021 жыл: <https://www.kmg.kz/uploads/reporting-and-financial-result/2021/31.12.2021%20%D0%9A%D0%9C%D0%93%20%D0%BA%D0%BE%D0%BD%D1%81%D0%BE%20%D0%BA%D0%B0%D0%B7%20final.pdf>

«ТАУ-КЕН САМҰРЫҚ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНЫҢ АУДИТІ

Қалназар Мирас Ерғалиұлы

“Есеп және аудит” мамандығының 4 курс студенті

Л. Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ, Қазақстан Республикасы

Е - mail : m. m.kalnazar02@mail.ru

Ғылыми жетекшісі: Бекболсынова А.С.

“Мемлекеттік аудит” кафедрасының аға оқытушысы

«Тау –Кен Самұрық» акционерлік қоғамы тікелей интеграцияланған компания болып табылады және негізгі қызметі мен құрылу мақсаты :

- қатты пайдалы қазбаларды барлауды, игеруді, өндіруді, өңдеуді және өткізуді;
- қоғамға табысталған тау-металлургия саласы акциялар пакетін тиімді басқаруды;
- тау-металлургия өнеркәсібінде жаңа ғылымды және тиімді технологияларды қажетсінетін салаларды әзірлеу мен енгізуді;
- республиканың минералды шикізат базасын молайтуды,
- кен орындарының баланстан тыс запасын игеруді қамтамасыз ету мақсатында құрылған. [1]

Нарықтық экономикада қызмет етуші ұйымның қаржылық тұрақтылығы оның бәсекеге қабілеттілігін бағалаудың маңызды факторларының бірі болып табылады. Басқаша айтқанда, ұйымның қаржылық жағдайының негізі оның тұрақтылығы болып табылады. Ұйымның жалпы қаржылық тұрақтылығы, ол ең алдымен әрдайым табыстың шығыннан артуын қамтамасыз ететін ақша ағымының қозғалысын көрсетеді.[2]

«Тау–Кен Самұрық» акционерлік қоғамының қаржылық тұрақтылығын есептеу кәсіпорынның қызметінің көрсеткіштерін көрсетеді.

1 кесте мәліметтері бойынша «Тау–Кен Самұрық» акционерлік қоғамының тәуелсіздік коэффициенті 0,79-дан 0,77-ге дейін немесе 0,02 тармаққа қысқарды. Алайда, бұл кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығының нашарлауын көрсетпейді.

Мұны тәуелсіздіктің кері коэффициентінің көрсеткіші болып табылатын барлық жиынтық капиталдағы тартылған капиталдың үлесі растайды.(жыл басында 0,21, жыл соңында 0,23)

Біздің кәсіпорындағы ағымдық қарыз коэффициенті жыл басында 0,09 жыл соңында 0,1 – ті құрады. Қарыздық қаржыландыруды тарту нәтиже-сінде қалыптастырылған активтердің үлесін көрсетеді.

Қаржылық тұрақтылық немесе инвестицияларды жабу жабу коэффициенті жыл басында 0,91 – ді, жыл соңында 0,89 – ды құрап, 0,03 коэффициентке төмендеді. Яғни меншікті капиталдың және ұзақ мерзімді міндеттемелердің жиынтық капиталдағы үлесі қалыпты деңгейде.

Оның мәні есепті кезеңнің басында кәсіпорынның активтерге салынған әрбір теңгеге өз қаражатын 11 тиынды қарыз қаражатын тартқанын, есепті кезең ішінде қарыз қаражаты өз салымдарының әрбір теңгесіне 15 тиынға дейін ұлғайғанын куәландырады. Демек, компания қаржылық тұрақтылықты жоғалтпады.

«Тау–Кен Самұрық» акционерлік қоғамының қаржылық жағдайының тұрақтылығын белгілі бір күнге талдау мына сұраққа жауап беруге мүмкіндік береді: кәсіпорын осы күннің алдындағы кезең ішінде қаржы ресурстарын қаншалықты дұрыс қолданғандығын көрсетеді.

«Тау – Кен Самұрық » акционерлік қоғамының қаржылық жағдайы қалыпты жағдайда, қалыпты жағдай дегеніміз қорлар меншікті айналым қаражаты және ұзақ мерзімді қарыз қаражатымен қамтамасыз етіледі, ал төлем қабілеттілігі жақсы деңгейде болады. Ұйымның жалпы қаржылық тұрақтылығы, ол ең алдымен әрдайым табыстың шығыннан артуын қамтамасыз ететін ақша ағымының қозғалысын көрсетеді. Сонымен қатар ұдайы өндіріс шығындарының өзін-өзі қаржыландыруы мен төлем қабілеттілігі қамтамасыз етілетін қаржы ресурстарының жағдайы

«Тау – Кен Самұрық » қаржылық жағдайының тұрақтылығын талдау, мына сұраққа жауап беруге мүмкіндік береді, ұйым осы күннің алдындағы кезең ішінде қаржы ресурстарын қаншалықты дұрыс басқарады. Екіншіден капитал құрылымын бағалау және оның мүлкі мен міндеттемелері арасындағы бірқатар қатынастарды анықтау болып табылады.

«Тау–Кен Самұрық» акционерлік қоғамының қаржылық жағдайының тұрақты болуы оның бәсекелестерінің алдында бірқатар артықшылықтарын көрсетеді. Ол дегеніміз жеткізушілерді таңдауда, кадрларды іріктеуде, несиелер мен инвестициялар тарту барысында.

Қаржыландыру коэффициенті жыл басында 3,68 – ді жыл аяғында 4,34 – ті құрады. Бұл коэффициент жоғары болған сайын, банктер мен инвесторлар қаржыландыруға сенімді кіріседі. Бұл коэффициентті жақсы деп бағалауға болады. Яғни компания инвесторлар мен банктер үшін қаржыландыруға қолайлы деп бағалауға болады.

Ұйымның қарыздық пен меншікті қаражат қатынасы коэффициенті жыл басында 0,27 – ні, жыл соңында 0,30 ды құрады. Көрсеткіштің төмен болуы кәсіпорынның сыртқы инвесторлар мен кредиторларға тәуелділігінің төмендегенін айғақтайды.

Перманентті капиталдың ұзақ мерзімді көздерге тәуелділік дәрежесі жыл басында 0,14 – ті, жыл соңында 0,13 – ті құрады. Меншікті айналым капиталы жыл басында 34,349,638 мың теңге, жыл соңында 48,587,392 мың теңге болды. Яғни қаражат көпті еркін маневр жасауға мүмкіндік беретін нысанда екендігін көрсетеді.

Меншікті қаражатты капиталды маневрлеу жыл басында 084 – ті, жыл соңында 0,85 – ті құрады. Коэф-т кәсіпорынның меншікті қаражатын пайдалануда икемділікті қамтамасыз ету үшін жеткілікті жоғары екенін көрсетіп отыр.

Кесте 1. «Тау–Кен Самұрық» акционерлік қоғамының қаржылық тұрақтылығын есептеу

| № | Көрсеткішгер | 2019 жылы | 2020 жылы | 2021 жылы | Ауытқуы +/- | |
|----|---|------------|------------|-------------|-------------|-------------|
| | | | | | 2019-2020 | 2020-2021 |
| 1 | К тәуелсіздік (К қаржылық автономия) | 0,78 | 0,79 | 0,77 | 0,01 | -0,02 |
| 2 | К тәуелділік | 0,24 | 0,21 | 0,23 | -0,03 | 0,02 |
| 3 | К ағымдық қарыз | 0,10 | 0,09 | 0,11 | -0,01 | 0,03 |
| 4 | К қаржылық тұрақтылық немесе инвестицияларды жабу | 0,90 | 0,91 | 0,89 | 0,01 | -0,03 |
| 5 | К қаржыландыру | 3,78 | 3,68 | 4,34 | -0,10 | 0,67 |
| 6 | К қарыздық пен меншікті қаражат қатынасы | 0,29 | 0,27 | 0,30 | -0,02 | 0,03 |
| 7 | К қарыз қаражатын ұзақ мерзімді тарту (капиталдандыру) | 0,15 | 0,14 | 0,13 | -0,01 | -0,01 |
| 8 | Меншікті айналым капиталы мың,тг | 38 512 684 | 37 349 638 | 48587392,00 | -1163046,00 | 11237754,00 |
| 9 | К меншікті қаражатты маневрлеу | 0,83 | 0,84 | 0,85 | 0,01 | 0,01 |
| 10 | Тұрақты капиталды өз қаражатымен қамтамасыз ету коэффициенті | 0,70 | 0,72 | 0,73 | 0,02 | 0,01 |
| 11 | Қысқа мерзімді міндеттемелердегі кредиторлық берешектің үлесі | 0,52 | 0,56 | 0,44 | 0,04 | -0,12 |
| 12 | К тартылған капиталдың құрылымы | 0,55 | 0,60 | 0,51 | 0,05 | -0,09 |
| 13 | К ұзақ мерзімді салымдар құрылымы | 0,16 | 0,19 | 0,18 | 0,03 | 0,00 |
| 14 | К материалдық қорлардың қамтамасыз етілуі | 24,75 | 26,96 | 22,88 | 2,21 | -4,08 |
| 15 | Тұрақты активтің индексі | 0,85 | 0,87 | 0,83 | 0,02 | -0,03 |
| 16 | К ағымдағы активтер мен жылжымайтын мүлік қатынасы | 0,35 | 0,13 | 0,56 | -0,22 | 0,43 |
| 17 | К қысқа мерзімді қарыз | 0,45 | 0,40 | 0,49 | -0,05 | 0,09 |
| 18 | К дебиторлық пен кредиторлық қарыз қатынасы | 1,49 | 1,38 | 1,65 | -0,11 | 0,27 |
| 19 | К инвестициялау | 1,63 | 1,60 | 1,65 | -0,03 | 0,05 |
| 20 | К экономикалық өсудің тұрақтылығы | 0,09 | 0,04 | 0,13 | -0,05 | 0,09 |
| 21 | К таза кіріс | 0,21 | 0,12 | 0,34 | -0,09 | 0,22 |

Ескертпе: пайдаланылған көздер негізінде жасалған [3],[4],[5]

Қорытындылайтын келе тәуелсіздік коэф. (жыл басында – 0,79, жыл соңында 0,77), қаржылық тұрақтылық немесе инвестицияларды жабу коэф.(жыл басында – 0,91, жыл соңында 0,89) және қаржыландыру коэф. (жыл басында – 3,68, жыл соңында 4,34) көрсеткіштердің мәндері жоғары болуы, және тәуелділік коэф. (жыл басында – 0,21, жыл соңында 0,23), ағымдық қарыз коэф. (жыл басында – 0,09, жыл соңында 0,11) және қаржылық левиредж (жыл басында – 0,27, жыл соңында 0,30) көрсеткіштердің мәндері төмен болуы, «

Тау –Кен Самұрық» акционерлік қоғамының қаржылық жағдайы тұрақтырақ деп айтуға болады.

2 кесте мәліметтері бойынша жалпылама көрсеткіштің алынған мәні – бес балдық шкала бойынша 2020 жылы несиеқабілеттілігінің 2 –сыныбын құрады, ол дегеніміз несиеқабілеттілігі жақсы, ал 2021 жылы 1,6 –ны құрап, несиеқабілеттілігі өте жақсы деңгейде екенін көруге болады.

Кесте 2. «Тау – Кен Самұрық» акционерлік қоғамының несиеқабілеттілігін есептеу

| № | Көрсеткіштер | 2020 жыл | 2021 жыл | Көрсеткіш класы | | Көрсеткіш салмағы | Несиеқабілеттілік | |
|---|--|----------|----------|-----------------|----------|-------------------|-------------------|----------|
| | | | | 2020 жыл | 2021 жыл | | 2020 жыл | 2021 жыл |
| 1 | Ағымдық өтімділік коэффициенті | 3,70 | 3,20 | 1 | 1 | 0,10 | 0,1 | 0,1 |
| 2 | Аралық өтімділік коэффициенті | 2,65 | 2,48 | 1 | 1 | 0,25 | 0,25 | 0,25 |
| 3 | Ұзақ мерзімді қаржылық тәуелсіздік коэффициенті | 0,91 | 0,89 | 1 | 1 | 0,15 | 0,15 | 0,15 |
| 4 | Айналым капиталымен қорлардың қамтама-сыз егілуі коэф-ті | 9,54 | 8,66 | 1 | 1 | 0,20 | 0,2 | 0,2 |
| 5 | Пайыздық төлемдерді жабу коэффициенті | 6,81 | 7,69 | 1 | 1 | 0,05 | 0,05 | 0,05 |
| 6 | Қарызға қызмет көрсету коэффициенті | 0,76 | 0,86 | 5 | 5 | 0,05 | 0,25 | 0,25 |
| 7 | Өнім рентабельділігі, % | 0,06 | 0,26 | 5 | 3 | 0,20 | 1 | 0,6 |
| | Қорытынды балдар саны | | | 15 | 13 | 1,00 | 2 | 1,6 |

Ескертпе: пайдаланылған көздер негізінде жасалған [4],[5]

«Тау–Кен Самұрық» акционерлік қоғамының мемлекет алдында салықтар мен төлемдерді төлеу, құрылтайшылар мен акционерлер алдында дивидендтер төлеу, қызметкерлеріне жалақы төлеу және басқа да контрагенттер алдында берешегі жоқ. Компания қаржылық тұрақтылығы жылдан жылға жақсаруда. «Тау – Кен Самұрық» акционерлік қоғамының қаржылық жағдай тұрақтылығын тереңірек зерттеу үшін келесідей ұсынымдарды ұсынамыз:

- Компания өзінің салалық ерекшеліктері бойынша қаржылық тұрақтылықты есептеудің жаңа әдіснамасын әзірлеу қажет;
- Ұйым қаржылық жағдайын әрі қарай жақсарту мақсатында активтер мен оларды қалыптастыру көздері арасындағы оңтайлы арақатынасты айқындауға мүмкіндік беретін көрсеткіштерді зерттеу қажет.

Әдебиеттер тізімі:

- 1.«Тау – Кен Самұрық» акционерлік қоғамының ресми сайты: <https://tks.kz/>
2. Абленов Д.О. Аудит негіздері: Оқулық /Д.О.Абленов. – Алматы: Экономика, 2005.

– 400 б.

3. «Тау – Кен Самұрық» акционерлік қоғамының 2019 жылғы қаржылық есептілік. https://tks.kz/wp-content/uploads/2020/03/Consolidated-Tau-Ken-Samruk-JSC-YE2019_KAZ.pdf

4. «Тау – Кен Самұрық» акционерлік қоғамының 2020 жылғы қаржылық есептілік. https://tks.kz/wp-content/uploads/2021/03/KAZ_ConsTau-Ken-Samruk-JSC-YE2020.pdf

5. «Тау – Кен Самұрық» акционерлік қоғамының 2021 жылғы қаржылық есептілік. https://tks.kz/wp-content/uploads/2022/04/ConsTau-Ken-Samruk-JSC-YE2021_KAZ.pdf

«ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ»ҰАК» АҚ ҚАУЫМДАСҚАН МЕКЕМЕЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛАРЫ ТУРАЛЫ

Комекбаев Ерболат Ерболулы

erbolat03kz@mail.ru

“Мемлекеттік аудит” БББ 3 курс студенті

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Астана қ., Қазақстан Республикасы

Ғылыми жетекші: Жахметова А.К

“Қазақстан инжиниринг” ҰАК” АҚ 2003 жылы 13 наурызда республикамыздың қорғаныс мәселелеріне байланысты және ҚР Қорғаныс министрлігінің жүйесін арттыру мақсатында құрылды.

Біздің зерттеу жұмысымыз «Қазақстан Инжиниринг»ҰАК» АҚ (бұдан кейін – КазИнжиниринг АҚ) шоғырландырылған қаржылық есептеріне сүйеніп инвестицияларына талдауды жүргіземіз. Инвестиция деп пайда алу үшін және меншікті капиталды молайту үшін белгілі бір шаруашылық жүргізуші субъектіге салынатын қаражатты айтамыз.

Акционерлік қоғамның жалпы қызметі ҚР Қарулы Күштерінің әскери сапасы мен құрылымының қажеттіліктерін қанағаттандыруға ұмтылу болып саналады, сондай –ақ еліміздегі машина жасау саласында мемлекеттік және әртүрлі салалық бағдарламаларды орындауға қатысатын монополия саналады. [3]

Сонымен қатар, компанияның құрамына 22 бірлескен еншілес ұйымдары кіреді, оның ішінде 13-і акциялар үлесінің 50%-дан жоғары үлесін иеленсе, 4-еуі 50%-ын иеленеді, ал қалған 5-еуі қатысу үлесінің 50%-дан кемін иеленеді.

Кесте – 1

Еншілес ұйымдар қызметінің 2020-шы жылғы операциялық және қаржылық көрсеткіштерінің кестесі (мың тг)

| ЕҰ атауы | Өнімнен түскен кіріс | Қаржылық нәтижесі | Еңбектің өнімділігі | Қызметкер саны |
|-------------------------------|----------------------|-------------------|---------------------|----------------|
| Корпоративті орталық | 64 447 100 | 1 195 052 | 749 385 | 86 |
| Тыныс акционерлік қоғамы | 6 269 306 | 216 429 | 8 541 | 734 |
| ПАМЗ акционерлік қоғамы | 1 702 628 | -1 304 442 | 1 915 | 889 |
| Киров атындағы зауыт АҚ | 17 745 405 | 466 785 | 31 916 | 556 |
| Зенит ОЗ акционерлік қоғамы | 4 737 888 | 50 821 | 5 871 | 807 |
| Мұнаймаш акционерлік қоғамы | 3 209 997 | 129 922 | 22 292 | 144 |
| Гидроаспал акционерлік қоғамы | 527 802 | 31 814 | 4 291 | 123 |
| Семей инжиниринг акционер қоғ | 11 581 349 | 1 422 600 | 31 730 | 365 |
| Семей машина жасау зауыты | 1 793 247 | -604 024 | 10 189 | 176 |